

Астана қаласы әкімдігінің  
2023 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына  
5-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Астана қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 17 маусымдағы № 27-685қ қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Республика даңғылы, № 3 үй, 1-т.е.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге

жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халықтың рухани қажеттілігін және эстетикалық сұранымдарын қағаттандыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) ынтымақтастық және мәдени іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыру;
- 2) тұрғындарды драматургия және театрландырылған қойылымдар саласындағы рухани мәдениетке тарту;
- 3) ұйымдастырушылық қызметпен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- 4) мюзиклдер, театрлық қойылымдар, балеттік-хореографиялық спектакльдер өткізу;
- 5) жалпы мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, көрмелерді көрсету;
- 6) шеберханалар мен орындаушылық ұжымдар ашуды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 7) ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық құрылымдар, басқа азаматтардан мәдениет саласындағы қызмет көрсетуіне әлеуметтік тапсырыстар қабылдау;
- 8) шығармашылық ұжымдармен, сондай-ақ театрлық өнер саласындағы ұйымдастырушылық қызмет тәжірибесімен алмасуды ұйымдастыру;
- 9) тұрақты спектакльдер өткізу арқылы мәдени-тәрбиелік жұмысын жүзеге асыру;
- 10) сахналық шығармаларды қою және оларды көпшілікке таныту;
- 11) Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің мекемелерімен тікелей байланыс бойынша гастрольдік қызметті жүзеге асыру;
- 12) театр костюмдерін, сахналық декорацияларды, бутафорияны, реквизиттерді, сахна «киімін», театр интерьері мен жарнаманы жасау және сатып алуын;
- 13) өзге ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге шарт жасау.

15. Осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметтерді жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға Кәсіпорынның құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саладағы уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4-тарау. Кәсіпорынды басқару

##### 17. Әкімдік:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін айқындайды;

4) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау бойынша есептерін қарастырады, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорын атына коммуналдық мүлікті бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілдікке, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорын мүлкін пайдалануы мен сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.

19. Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

20. Кәсіпорын басшысы дара басшылық принципі бойынша әрекет етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

##### 21. Басшы:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін дербес жауапты болады.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттық немесе оңалту басқарушысына өтеді.

#### 5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін мүлік болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен қалыптасады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына және өзге

де заттық құқыққа ие болу және оны тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорынға сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығына ие болу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, мүлікке қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдағанда, Кәсіпорынның жедел басқару құқығы мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ Мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасы Заңының 154-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, әкімдік Кәсіпорынға бекітіп берілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

33. Әкімдік жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны күтіп-ұстаудың және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

34. Кәсіпорын осы Жарғының 30-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

35. Кәсіпорын негізгі құралдарға жатпайтын, өзіне жедел басқару құқығында бекітіліп берілген жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

#### 6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

36. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

37. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

38. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру

нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### 7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

40. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметі жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

#### 8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы және есептілігі

41. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Кәсіпорын басшысы бекітетін әкімдік немесе уәкілетті орган келісім беретін есеп саясатына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

43. Кәсіпорын өзінің басшысының, уәкілетті органның бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілетін жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізе алады.

#### 9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

44. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қалған мүлікті өндіріп алуға жол берілмейді.

45. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлінісі тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылық тартады.

#### 10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

46. Кәсіпорын жұмыскерлеріне жалақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

#### 11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

47. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық келісім-шартқа сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### 12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүзеге асырады.

50. Кредитор берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе әкімдікпен келісу бойынша қайта бөледі.

51. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына аударылады.

#### 13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды әкімдік енгізеді.

---